

## Қазақстан Республикасының аумағында акциздік алым маркаларын енгізу және таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды сату туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 сәуір N 592. Қаулының мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.31. N 1749 қаулысымен.

Акциздердің толық алымын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағына акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін жасырын әкелуге, өндіруге және сатуға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1 және 2 қосымшаларға сәйкес акцизделетін тауарларды акциздік алым маркасымен міндетті түрде таңбалау енгізілсін.

2. Акцизделетін тауарларды таңбалауға осы тауарларды отандық өндірушілер және импорттаушылар жауапты болып табылады деп белгіленсін.

3. Былай деп белгіленсін:

акциздер белгіленген үлгідегі акциздік алым маркаларын сату жолымен  
а л ы н а д ы ;

осы қаулыға сәйкес енгізілетін акциздік алым маркаларының құны акциздер бойынша аванстық төлем болып табылады және бюджетке акциздер бойынша төлемдерді кемітуге есептеледі.

4. Акциздерді төлеудің мынадай тәртібі енгізілсін:

міндетті түрде таңбалауға жататын отандық өндірістің акцизделетін тауарлары бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бекітетін кестеге сәйкес таңбалау облыстар деңгейінде 1995 жылдың 20 мамырынан бастап жүргізілсін ;

импорттық өндіріс тауарлары бойынша акцизделетін тауарларды таңбалау оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде акциздік алым маркасымен жүргізілсін ;

темекі және темекі өнімдері бойынша - 1995 жылдың 1 қазанынан;  
алкоголь өнімдері бойынша - 1996 жылдың 1 қаңтарынан.

Ескерту. 4-ші тармақтың төртінші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.07.08. N 1094 қаулысымен.

4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 73 қаулысымен.

5. Акциздік алым маркалары болмаса Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін, таңбалауға жататын тауарларды сатуға 1995 жылдың 10 маусымынан, ал Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін темекі өнімдерін сатуға 1995 жылдың 20 қазанынан, алкоголь өнімдері сатуға 1996 жылдың 1 қаңтарынан тыйым салынсын.

Ескерту. 5-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.07.08. N 1094 қаулысымен.

5-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 73 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының кеден комитеті:

акциздік алым маркаларының үлгілерін, оларды салу мен есептеу тәртібін бекітсін;

Қазақстан Республикасында өндірілетін және оның аумағына әкелінетін акцизделетін тауарларды таңбалау тәртібін әзірлеп, бекітсін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

отандық және импортталатын тауарлардың өзіндік құнын, сондай-ақ берілетін орнына дейін жеткізу шығынын ескере отырып, оларға салынатын акциздік алым маркаларының бағасын анықтасын;

Акциздерді есептеу мен төлеу тәртібі туралы нұсқаулыққа тиісті өзгертулер енгізілсін.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкноттық фабрикасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп иридисценттік қағазды пайдалана және сериясы мен жеті таңбалы нөмірлерін міндетті түрде қоя отырып, акциздік алым маркаларының жаңа дизайнын жасасын және даярласын.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1996.01.10. N 39 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҮ-нің 1996.10.04. N 1226 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Кеден комитеті бір апта мерзім ішінде міндетті түрде таңбалауға жататын және Қазақстан Республикасының аумағындағы акцизделетін отандық және импорттық тауарларды түгендеу тәртібін әзірлеп, бекітсін.

10. Акциздік алым маркаларымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды өндіруді, әкелуді және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін кестеге сәйкес

таңбалауға жататын отандық өндіріс тауарларына;

1995 жылдың 1 тамыздағы жағдай бойынша импортталатын темекі мен темекі өнімдеріне және 1996 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша алкоголь өнімдері түгендеу жүргізісін.

Ескерту. 10-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1996.02.22. N 73 қаулысымен.

11. Импортталатын темекі мен темекі өнімдерінің қалдығы 1995 жылдың 20 тамызындағы жағдай бойынша, ал отандық өндіріс шығарған және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген алкоголь өнімдері осы қаулының 10-тармағына сәйкес түгендеу қорытындыларында белгіленген мөлшерде тиісінше 1995 жылдың 10 маусымы мен 1996 жылдың 20 қаңтарындағы жағдай бойынша таңбалансын.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Кеден комитеті Әділет министрлігімен бірлесе отырып, бір ай мерзімде қолданылып жүрген заңдарға Қазақстан Республикасының аумағында таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды әкелу, өндіру мен сату тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көзделген өзгертулер енгізу жөнінде ұсыныстар берсін.

13. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда

министрлігі 1995 жылдың 1 маусымына дейін Қазақстан Республикасының аумағында Азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерін сату ережесіне акциздік алым маркаларымен міндетті түрде таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды сату тәртібін белгілеуді көздейтін толықтырулар мен өзгертулер енгізісін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 28 сәуірдегі

N 592 қаулысына

1 қосымша

Акциздік алым маркаларымен міндетті түрде  
таңбалауға жататын отандық акцизделетін тауарлар

Тізбесі

Арақ

Шетін этиль спирті  
Ликерлер, күшейтілген ішімдіктер және бальзам  
Коньяк  
Шампан  
Шарап  
Экспортқа арақ

Экспортқа темекі

ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға толықтырулар енгізілді - ҚРҰ-нің  
1996.06.18. N 750 қаулысымен.

ЕСКЕРТПЕ. Бұл жағдайда акциз маркілерінің құны экспортталатын  
тауарлар бойынша жұмсалатын шығынға қосылады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 28 сәуірдегі  
N 592 қаулысына  
2 қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін  
және акциздік алым маркаларымен міндетті түрде  
таңбалауға жататын акцизделетін тауарлар  
Тізбесі

-----  
Сыртқы экономикалық |  
қызметтің тауар | Тауарлардың атауы  
номенклатурасының |  
коды |  
-----

2204 Күшейтілгенін қосқанда, табиғи жүзім  
(2204-30-дан шарабы  
басқасы)

2205 Вермуттар және өсімдік немесе хош иісті  
қоспалар қосылған басқа да табиғи жүзім

- шараптары
- 2206 Басқа да ашытылған сусындар (алма сидры, алмұрт сидры (перру), бал сусыны)
- 2207 Көлемі бойынша құрамында кемінде 80 процент спирті бар басқа нәрсе қосылмаған этиль спирті; күшейтілген қоспалы этиль спирті және басқа спирттік ішімдіктер
- 2208 Көлемі бойынша құрамындағы спирті 80 проценттен аз басқа нәрсе қосылмаған этиль спирті;  
күшті спирттік ішімдіктер, ликерлер және басқа алкогольдік ішімдіктер;  
ішімдіктерді дайындауға пайдаланылатын құрамдас спирттік жартылай өңделген өнім
- 2208 90 530-дан\*\* Спирттелген шырын
- 2208 90 730-дан\*\*
- 2402 Сигарлар (оның ішінде ұшы шырпылған сигарлар), сигариллалар (жіңішке сигарлар) және темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигареттер

-----  
\* Құтыдағыдан басқасы

\*\* Спирттік шырын дегеніміз көлемі бойынша спирт құрамы 0,5 проценттен астам шырын.

Ескерту. Қосымшадан бір жол алынып тасталған - ҚРМҚ-нің 1996.02.22. N 73 қаулысымен.